

**Павлодар облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы "Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы" № 236/22 шешіміне өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 21 тамыздағы № 495/42 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 қыркүйекте № 6940 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 21/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облыстық мәслихатының 22.04.2021 № 21/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 12-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы "Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы" № 236/22 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5997 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) келесі өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 12-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

2) көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22-тармақтарымен толықтырылсын:

"

14	Менингоэнцефалиттен кейінгі салдары, екінші реттік гидроцефалия	"NAN" балалар тағамы қоспа
----	---	----------------------------

15	Бұлшықет дистониясы синдромы, 1 дәрежелі гипотрофия	"Nestogen -3" балалар тағамы қоспа
16	Қатты және жұмсақ таңдай жарасы	Пребиотиктар қосылған құрғақ сүт сусыны "Балалар сүті 4" Малютка"
17	Балалар милық салдануы, менингоэнцефалиттен кейінгі салдары	"Нутрикомп дринк"; "Nestogen -4" балалар тағамы қоспа
18	Аноксикалық бас мидың зақымдануы	"Nestogen -2" балалар тағамы қоспа
19	Қояншықтық энцефалопатия, тубероздық склероз, симптомдық қояншық, нейроинфекциямен ауырғаннан кейінгі салдары, балалар милық салдануы, түйілу тетрапарезі, Веста синдромы, полиморфизмді талмасы бар құрылымдық қояншық, құрылымдық қояншық, микроцефалия	"Вигабатрин (Сабрил)"; "Этосуксимид (Суксилеп)"; "Перампанел (Файкомпа)"; "Клобазам (Фризиум)"; "Сультиам"
20	Ишемиялық түрі бойынша ми қан айналымының жіті жеткіліксіздігі	"Клоназепам"
21	GIII бас мидың самайлық үлесінің анопластикалық олигодендроглиомасы	"Ломустин"; "Прокарбазин (Натулан)"
22	Дюшеннің бұлшықет дистрофиясы	"Этеплирсен (Экзондис 51)"

"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар облыстық мәслихатының сессия төрағасы*

*К. Капенов*

*Павлодар облыстық мәслихатының хатшысы*

*Б. Бексеитова*